

САБАҚ 10 Иса Мәсіх – Ие

Қоғамда әрқашан да басқаларға билік ететін адамдар болады. Мемлекеттік қызметкерлер, полицейлер, бригадирлер, басқарушылар, бастықтар мен ата-аналар – осылардың барлығы біздің бағынышты болуымызды күтеді, ал кейде тіпті талап етеді. Қазіргі қоғамның Иса туған кездегі қоғамнан айырмашылығы жоқ. Ол кезде әлемді римдіктер билейтін. Ирод Палестинадағы тақта отырды, ал Рим армиясы оның тағын қорғады.

Исаның тууы туралы хабар мен Оның еврейлердің Патшасы болып осы дүниеге келгені туралы қауесет Иродтың құлағына жеткенде, ол долданып ашуға булықты. Ол осы бір жаңа патшаны өлтіруге әрекет етті, бірақ онысынан түк те шықпады. Иса Өзінің жердегі миссиясын орындау үшін өмір сүрді. Ол саяси құрылымға айқын қарсы шыққан жоқ. Солай дегенмен де, Ол Өзіне тек өлу ғана емес, билеу де бұйырылғанын айтты. Ол көктегі және жердегі бар биліктің Өзіне берілгенін мәлімдеді. Не болды? Римді мәсіхшілер құлатқан жоқ. Иса көкке қайтып оралып, қазірде әлем диктаторларға, тирандар мен қанаушыларға толы. Ол қалайша Ие бола алады? Оның қандай билігі бар? Ол қашан барлығын басқаратын болады? Бұл сұрақтарға осы сабақта жауап беріледі.

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

- А. Исаның Ие ретіндегі билігі
- Ә. Өкілеттігінің дәлелі
- Б. Иса Ие болып табылады

Осы сабақтың мақсаты

1. «Ие» атағында Исаның кім екендігі туралы не айтылғанын түсіндіру.
2. Иса жерде болған кезде, Өзінің билігін растаған тәсілдерді атап шығу.
3. Исаның қазіргі уақыттағы және болашақтағы Иелігін сипаттау.

А. ИСАНЫҢ ИЕ РЕТІНДЕГІ БИЛІГІ

Сіз Исаға өлімнен қайта тірілген Иеңіз ретінде сенесіз бе? Бұл өте маңызды. Сіздің рухани өміріңіз осыған байланысты.

«Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегінде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың» (Рим 10:9).

Билікті білдіретін лауазым

Мақсат 1. Исаға қатысты «Ие» шенінің не мағына беретінін анықтау.

Исаны «Ие» деп атағанда, адамдар нені білдіргісі келді? Пауыл 90-нан астам рет Исаны арнайы «Ие» деп атаған. Құтқарылу үшін Иеміз Иса Мәсіхке сену деген нені білдіреді? Неліктен Құдай әрбір тілде Исаның Ие екені жайында уағыздалатынын айтады?

Жаңа Келісімде «Ие» деп аударылған грек сөзі *Κυριος* билікте тұрған тұлғаның лауазымы болған. Адамдар құрмет

білдіру үшін осы сөзді пайдаланған. Мысалы, бұл ағылшынның *сэр* сөзі секілді сыпайы үндеу түрі болуы мүмкін. Жанұяның отағасы үйінің иесі болатын. Құлдар өздерінің кожайындарын иеміз деп атайтын.

Куриос сонымен қатар, көптеген діндерде сыйынғанда, табынғанда қолданылған құдайларының, сондай-ақ Яһуэ секілді нағыз Құдайдың лауазымы болды. Бұл мағынада Киелі Кітапта Құдай Өке және Оның Ұлы Иса Мәсіх үшін Ие атағы қолданылады. Исаны Ие деп атау – бұл Оның құдайлық болмысын, Оның Әкесімен бірлігін, Оның бүкіл әлемдегі жоғары билігін және Оның біздің өмірімізге иелік ету құқығын тану, мойындау.

Иса біздің Иеміз болғандықтан, біз Оның алдында бұйрықтарын орындағанымыз туралы есеп береміз және Одан нұсқаулар аламыз. Біз сиыну арқылы Оған бәрін береміз. Оның Сөзі – біздің күнделікті өмірімізге арналған нұсқауымыз. Біз ешнәрсе туралы қам жемеуіміз керек. Біздің Иемізде бүкіл билік бар, Ол бәрін біледі және бізді жақсы көреді. Біз бар болғаны – Оған сенуіміз және бағынуымыз керек.

Тапсырма

- 1 Римдіктерге арналған хаттың 10:9 аятын жаттап алыңыз.
- 2 Исаны «Ие» деп атағанда, біздің Оның... мойындайтындығымызды білдіреді.
 - а) құдайлық болмысы мен билігін
 - ә) достығы мен сүйіспеншілігін
 - б) даналығы мен білімін



Ә. ӨКІЛЕТТІГІНІҢ ДӘЛЕЛІ

Мақсат 2. Иса жерде болған кезде, Өзінің билігін растаған тәсілдерді атап шығу.

Иса Өзінің билігін Өзінің тәлімдері арқылы растады. Ол Құдай және адам өмірі туралы шындықты сөзсіз сенімді ашып беруі арқылы адамдарды таң қалдыратын. Ол Өзін жол, шындық және шынайы өмір деп атады.

Иса табиғатқа билік жүргізетінін дәлелдеді. Ол буырқанған толқындардың бетімен жүрді. Оның «Тыныштал, қой» деген сөздері дауылды тыныштандырды. Ол суды шарапқа айналдырды. Ол бес нанмен және екі кішкентай балықпен «әйелдер мен балаларды есептемегеннің өзінде» (Ма 14:21) 5 000 ер адамды тамақтандырды.

Иса Өзінің аурулар мен өлімге билік жүргізетінін дәлелдеді. Ол қолын тигізгенде кереңдер естіп, зағиптар көре бастады, сал болғандар жүре бастады. Ол өлілерді тірілтті. Оның Өзі өліп, қайтадан тірілді.

Иса Өзінің өнегелілік билігін дәлелдеді. Ол күнәсіз өмір сүрді. Ол бұрын-соңды болғандардың ішінде ең жақсы этикалық нормаларды орнатты. Ол бұзық және пайдасыз өмірлерді әдемі, таза және пайдалы етті. Ол мінсіз көшбасшы болды.

Иса Өзінің рухани билігін дәлелдеді. Ол күнәларды кешірді. Ол жын соққандардан зұлым рухтарды қуды. Ол Өзінің Әкесінің істерін істеп, адамға Құдайды ашып көрсетті. Ол көкке қайта оралып, Өз қауымына Киелі Рухты жіберді.

Иса Өзінің қауымындағы билігін дәлелдеді. Ие ретінде Ол Өзінің ізбасарларын әлемге Ізгі хабарды таратуға жіберді және оларға осыны іске асыру үшін жаратылыстан тыс күш берді. Біз Оның бұйрықтарына бағынған кезде, Ол бізге көктегі билігімен жәрдемін көрсетіп отырады.

«Маған «Ұстаз», «Ием» дейсіңдер. Осылай атағандарың дұрыс, себебі Мен – Солмын» (Жох 13:13).

«Иса қастарына таяу келіп, былай деді: «Маған көк пен жердің барлық билігі берілген! Сондықтан күллі

халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіндер, әрі сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіндер! Естеріңде болсын: Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Аумин)» (Мат 28:18-21).

Тапсырма

- 3** Иса барлық азғыруларды жеңіп шығып, жерде мінсіз өмір сүрді. Бұл Оның ... саласындағы билігін көрсетті.
- а) өнегелілік
 - ә) табиғат
 - б) руханилық
- 4** Иса Өзінің билігін Өзінің тәлімдерінде арқылы растады.
- а) кемтар және бүкір әйелді сауықтыруы
 - ә) Өзінің Әкеге апаратын жалғыз жол екенін айтуы
 - б) Өзінің шәкірттеріне барлық жерге барып шәкірт жасаулары керектігін айтуы



Б. ИСА ИЕ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Мақсат 3. Исаның қазіргі уақыттағы және болашақтағы Иелігін сипаттау.

Бүгінгі күні жердегі қауым Исаны Ие деп таниды. Ол қазір Көкте барлық рухани биліктерден жоғары тұр. Бір күні бүкіл әлем Оны заңды Билеуші және Ие деп танитын болады.

«Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, көкке көтеріп, Өзінің оң жағындағы орынға отырғызғанда да қолданды. Осылай Мәсіх күллі билік пен өктемдіктен, күш-қуат пен әкімшіліктен, осы және келешек замандардағы бүкіл атақ

пен дәрежелерден де әлдеқайда үстем. Құдай бұлардың бәрін Мәсікке бағындырып, Оны барлығынан да жоғары қойып, сенушілер қауымының Басы етті» (Еф 1:20-22).

Қауымның Басы

Исаны өзінің Құтқарушысы және Иесі ретінде қабылдайтындардың барлығы Оның қауымының мүшелері болып табылады. Киелі Кітап Иса біздің Басымыз және қауым Оның денесі болып табылады дейді. Біз Мәсіхпен қарым-қатынастардың артықшылықтарын оқыдық. Біз өзіміздің өмірімізде Исаға қаншалықты бірінші орын беретін болсақ, оларды соншалықты толық пайдалана аламыз. Дене Басты емес, Бас денені басқаруы керек. Әр мүшенің сол денеде өзінің орны және міндеті бар. Біз бүкіл дененің аман-саулығы үшін біріге жұмыс істеп, біздің Басымыз Мәсіхтің мақсаттарын орындауға тиіспіз.

«Бүкіл әлем жаратылмай тұрғанда-ақ Ол бар болатын, бәрін аман сақтайтын да — Сол. Мәсіх — сенушілер қауымының, яғни Өзінің рухани денесінің, Басы әрі оның өмірінің Бастауы. Ол — өлімнен қайта тірілгендердің ең Бастысы да. Сондықтан барлық жағынан да Оның жолы үлкен» (Қол 1:17-18).

«Біз бәріміз де көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз. Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: сенің пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз» (Рим 12:5-6).

Мәсіхтің денесінің бір бөлігі болу – барлық нәрседе Оған бағыну деген сөз. Біз қоғамның идеяларына емес, Мәсіхтің қауымға арналған жоспарына бағынамыз. Сонымен бірге өз отбасыларымызда, өзіміздің жұмыс орындарымызда және демалысымызда, қайда барсақ та Оның жоспарын басшылыққа

аламыз. Бұл бізді қоршаған адамдарға Оның Ие екенін көрсетеді. Күндердің бір күні біз Оның алдында тұратын боламыз. Бізді өзіміздің күнәларымыз үшін соттамайды, өйткені олар кешіріліп қойған. Бірақ Ол біздің өмірімізді және біздің қалай өмір сүргенімізді қарастыратын болады.

«Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз» (Қор2 5:10).

«Бема» сөзі римдік билеушінің сот тағын белгілеу үшін қолданылған. Егер Рим қаласында біреудің іс-әрекеттері бема тағында мақұлданған болса, өзге адамдардың сол адамның іс-әрекеттері жөніндегі пікірлері түкке де тұрмайтын. Киелі Кітапта Мәсіхтің соттау тағы үшін бема сөзі қолданылған. Осылайша мәсіхші де осы әлемде өзінің Иесі Иса Мәсіхке қызмет ету үшін өмір сүреді. Басқалардың не ойлайтыны маңызды емес. Исаның біздің өмірімізді қалай бағалайтыны маңызды.

Киелі Кітап әділдікке қайшы келетін ережелер мен әдеп-ғұрыптарға тап болған адамдарды мысалға келтіреді. Шешім қабылдау қиын, кейде өлімге жетелеуі де мүмкін. Исаның бұйрықтарының қоғамыңыздың талаптарына қай жерлерде қайшы келетінін түсінетініңізге көз жеткізіңіз. Иса Өз ізбасарларының қандай болулары керектігін айтты:

«Мен сендерді қасқырлар арасына жіберілген қойлар сияқты жіберіп отырмын. Сондықтан жыландай көреген, көгершіндей ақкөңіл болыңдар!» (Мат 10:16).

Сіз Оның Патшалығының азаматы және Оның денесінің мүшесі екендігіңізді есте сақтаңыз. Егер қазір Оған өзіңіздің Иеңіз ретінде бағынсаңыз, сіздің өміріңіз Оны қанағаттандырады. Оның мақұлдауы қандай керемет сыйлық болады десеңізші! Егер бекер азап шегетін болсақ, қандай ұят!

Тапсырма

- 5** Киелі Кітап бір күні Мәсіх үшін бізді соттайтын болады дейді.
- а)** біз кейбір күнәларымыз үшін ақы төлеуге тиіс болатындығымызды шешу
- ә)** біз құтқарылуға лайықтымыз ма, жоқ па, соны анықтау
- б)** біздің қызметімізге сыйақы беру
- 6** Адамдар бүгінде Исаның Ие екенін әсіресе мәсіхшілердің көре алады.
- а)** тамаша қауым ғимараттарын тұрғызуларынан
- ә)** әр нәрседе Исаға бағынатынынан
- б)** жауыз, қатал тирандарды қуып шығуларынан
- 7** Иса шынымен де сіздің Иеңіз болып табыла ма? Дененің, қауымның бір мүшесі ретінде бауырластарыңызбен тату өмір сүріп жүрсіз бе? Барлық істе өзіңіздің Иеңіз ретінде Оған бағынуыңызға көмектесуін сұраңыз.



Патшалардың Патшасы және Иелердің Иесі

Біз Исаның бүгінде қауымға және мәсіхшілердің өміріне иелік ететінін көрдік. Бірақ Оның Кім екенінің көрінісін толығымен аяқтау үшін біз болашаққа көз тастауымыз керек. Сонда Оны барлығына билік жасауға келе жатқан салтанатты ұлылығында көретін боламыз.

«Біліп алыңдар, Мәсіх бұлттармен қайтып келеді! Әркім де, Оны түйрегендер де Мәсіхті көзімен көреді, Жер бетіндегі барлық рулар үрейленеді, Ол туралы қайғырып, жылап еңірейді. Иә, ол солай болады да! Аумин. Бүкіл әлемнің Билеушісі — әрдайым бар, мәңгі болып келген және болашақта келетін Құдай Ие: «Алғашқы да, Соңғы да Менмін!» — дейді» (Аян 1:7-8).

Иса алғашқы, яғни шындықтың бастауы мен көзі болып табылады. Сонымен қатар, Иса соңғы, Құдайдың мәңгілік мақсатының орындалуын әкеледі. Ол барлығын жалпы үйлесімге әкеледі. Ол зұлымдықты, жамандықты жеңіп шығып, патшалардың Патшасы және иелердің Иесі ретінде басқаратын болады.

Киелі Кітап Иса қайтып келердің алдында жер күрделі мәселелерге: соғыстарға, індеттерге, жер сілкінулерге, ашаршылыққа, судың ластануына, балықтардың қырылуына, азық-түліктің жойылуы және саяси қуғын-сүргіндерге толы болады дейді. Киелі Кітаптың сөздері рас. Қазір көріп отырғанымыздай, осының бәрі біздің айналамызда болып жатыр. Алайда бір күні ұлы өзгеріс болады.

Иса Мәсіх жерге билік ету үшін келеді. Оның билік етуге қос құқы бар: Ол осы әлемді жаратты және де Ол осы әлемді Өз қанымен ақтап алды. Киелі Кітаптың соңғы кітабы Аянда біз көктегі тақты көреміз. Осы тақтың қақ ортасында Тоқты отыр. Тоқты – бізді құтқару үшін Өзінің өмірін қиған Иса Мәсіх. Ол билік ететін болады!

«Көктегі тақтан былай деген зор дауысты естідім:
«Қарандар, Құдайдың адамдар арасындағы тұрағы!
Ол солармен бірге тұрып, олар Оның халқы болмақ.
Осылай Құдайдың Өзі солармен бірге мекендеп, олардың Құдайы болады! Ол барлық көз жастарын сүртіп тастап жұбатады. Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды. Себебі бұрынғы әлем құрып, жоқ болды». Сонда тақта Отырған: — Енді бәрін де жаңадан жаратамын, — деді. Ал маған қарап: — Мұны жазып қой, бұл сөздер сенуге тұрарлық шынайы! — деп қосты» (Аян 21:3-5).

Осы қысқаша курста сіз Исаның барлық лауазымдарын оқып біле алмайсыз немесе Оның керемет патшалығы туралы барлық жазылғанды оқи алмайсыз. Дегенмен сіз қазір Исаны

бұрынғыдан да жақсырақ біліп, Оны көбірек сүйесіз деп сенеміз. Сіз Оның қайтып оралуын күтіп жүргенде, күн өткен сайын сіздің Оны жақсырақ біле түсуіңіз үшін біз мінәжат етеміз. Кейін Ол бір күні қайтып оралғанда сіз Оны бетпепет, шын мәнінде Ол қандай болса, солай көретін боласыз әрі Құдайдың Тоқтысына арналған бүкіл әлемдік мадақтау жырына қосыла аласыз.

Жохан Тоқтыға мадақтау жырын айтып, Оны дәріптегендер жөнінде өзіне Құдай берген аянды былайша суреттейді:

«Нөкерлер мен ақсақалдар жаңа мадақтау жырын айтып былай деді: — Сен лайықсың кітапты қолыңа алуға Және мөрлерін бұзып, оны ашуға! Өйткені құрбан болып, қаныңды төктің, Сол арқылы әр ру, тіл, ұлт пен халықтан Шыққандардың төлемін өтеп босаттың, Һәм Құдайға оларды бағыштадың, Әрі Құдайымызға арнап соларды Жасадың діни қызметкерлер патшалығы; Олар жер бетін билейтін болады. Мен тағы да қарап, тақты, төрт нөкерді және ақсақалдарды қоршап тұрған мыңдаған, миллиондаған періштелерді көріп, үндерін естідім. Олар қатты дауыспен әндетіп былай деді: «Құрбандыққа шалынған Тоқты Билік пен байлықты, Даналық пен құдіретті, Құрмет, ұлылық пен дәріпті Қабылдауға әбден лайықты!» Көк пен жердегі, жер асты мен теңіздегі, яғни бүкіл әлемдегі, әрбір тіршілік иесінің былай деп ән салған даусын естідім: «Тақта Отырған және Тоқты Дәріптелу мен құрметке, Ұлылық пен құдіретке Мәңгі бақи лайықты!» (Аян 5:9-13).

Тапсырма

- 8** Оның лауазымдарының алдындағы санды (оң жақ бағанда) оның мағынасын ең жақсы түсіндіретін сөз тіркесінің (сол жақ бағанда) тұсына жазыңыз.

- | | | |
|-------|--|--------------------------|
|а | Ие | 1) Куриос |
|ә | Қауымның Бастығы | 2) Алғашқы және
Соңғы |
|б | Ие және Қожайын | 3) Дененің Басы |
|в | Құдайдың барлық мақсаттарын
Орындаушы | 4) Құдайдың
Тоқтысы |
|г | Біздің күнәларымыз үшін Құр-
бандық | |

9 Аян кітабы Тоқтыны көктегі тағында көрсеткен. Бұл бізге әлемдегінің бәрін билейтін Біреу болып табылатынын түсінуімізге көмектеседі.

- а) құрбандық болып өлген
- ә) жақсы өмір сүрген
- б) рухани ақиқаттарды үйреткен

10 Исаны Ие ретінде толықтайқарауымыз арқылы көреміз.

- а) Ол жерге келгенге дейінгі уақытқа
- ә) Ол қауымды қалай басқарып отырған осы кезге
- б) Ол салтанатты ұлылығымен билік ететін болашаққа

11 Сіз Исаның Ие ретінде сіздің бағынуыңызға және табынуыңызға не үшін лайықты екенін оқып білдіңіз. Аян кітабының 5:9-13 аяттарын өзіңіздің куәлігіңіз және Оны мадақтау әніңіз ретінде оқып шығыңыз.



Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 6 ә) әр нәрседе Исаға бағынатынынан
- 2 а) құдайлық болмысын және билігін
- 8 а) 1) Куриос
ә) 3) Дененің Басы.
б) 1) Куриос
в) 2) Алғашқы және Соңғы
г) 4) Құдайдың Тоқтысы.
- 3 а) өнегелілік
- 9 а) құрбандық болып өлген
- 4 ә) Өзінің Әкеге апаратын жалғыз жол екенін айтуы
- 10 б) Ол салтанатты ұлылығымен билік ететін болашаққа
- 5 б) біздің қызметімізге сыйақы беру

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Сіз осы курсты бітірдіңіз. Осы сабақтар сізге үлкен көмек болды деп үміттенеміз. Бірінші және екінші бөлімдегі сабақтарды бір қайталап шығып, *Екінші бөлімде алған біліміңізді бағалау* сұрақтарына жауап беріңіз. Бағалау сұрақтарына жауап бергеннен кейін, тексеріп баға қою үшін жұмысыңызды өткізу барысында нұсқаулықты мұқият орындаңыз.